


Астана қаласы
Қайым Мұхамедханов атындағы 90-гимназия



*«Алаштың соңғы тұяғы - Қайым Мұхамедханов»
Зерттеу жұмысы*

Сынып: 7 «Ғ» оқушысы
Рамазанқызы Айару
Жетекшісі : Сьезхан Нұршаш

КІРІСПЕ

Бала Қайымнан – дана Қайымға



Қайым Мұхамедханов (Ғабдулқайым) Қ.Мұхамедханов 1916 жылы қаңтардың 5-і күні қазіргі Жаңасемейде, бұрынғы «Заречная слободка» аталған жерде дүниеге келді. Уақыт өте келе, Жаңа Семейдің бұл бөлігі Алаш қаласы аталғаны белгілі. Қайым Мұхамедханов бала кезінен қазақтың біртуар азаматтарының тәрбиесін көріп өсті. Оған себепкер болған ғалымның әкесі Мұхамедхан Сейітқұлұлы болатын. Мұхамедхан ата өз шаңырағына Алаш көсемдерінің басын жиі қосып, олардың ат басын тірейтін үлкен үйлері ретінде, кеңес құратын ордалары ретінде белгілі болған. Осындай үлкен бас қосулар танымал ақындар мен әншілердің де өз өнерлерін сынайтын, танылатын жері болған. Қазақтың халық ауыз әдебиетінің мол мұралары күнітүні жырланып, әні шырқалып жатқан қасиетті ортадан жас Қайымның алар тәлім-тәрбиесі де мол болды. Мұхамедхан Сейітқұлұлының шаңырағына Алаш көсемдері Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхтар Әуезов жиі келіп, отырыстың мәнділігін арттыратын. Қайым Мұхамедхановтың өмір жолындағы ұлтжандылық, нағыз ұлтшылдық бағыттың қалыптасуына осындай мағыналы басқосулардың да себебі болған. Жастайынан осындай ортада үлгі өнеге алып өскен бала Қайым дана Қайымға айналды. Жалпы нақтылай айтсақ Қайым Мұхамедханов қазақ әдебиетіндегі абайтану мектебінің негізін қалаушылардың бірі, шәкәрімтанушы, Шәкәрім шығармаларын алғаш насихаттаушылардың бірі, әрі жарыққа шығарушы, мұхтартанушы, әдебиеттанушы ғалым, жазушы, драматург, аудармашы, текстолог, М. Әуезовтің шәкірті, 1940 жылдан КСРО Жазушылар Одағының мүшесі, Семейдегі Абай мұражайының негізін қалаушы, 1945 жылғы Қазақ КСР мемлекеттік Әнұраны мәтінінің авторы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар Одағының халықаралық Абай атындағы сыйлығының алғашқы лауреаты, қоғам қайраткері, ақын, педагог.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Неге Қайым атамизды алаштың соңғы тұяғы дейміз?

Себебі: Алаш пен Қайым – егіз ұғым. Белгілі абайтанушы ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қайым Мұхамедхановтың есімі зиялы қауымға жақсы таныс. Алаш көсемдерінің тізесінде отырып ержеткен ол жас алшақтығына қарамастан дана Мұхтармен дос-жар болып, жақсы мағынада “жанторсығы” атанды. Сонау елуінші жылдардың басында жиырма бес жылға сотталып, амалсыздан азап пен мазақ лагерінің дәмін татып келгені де шындық. Сонда оның Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы гимнінің авторы екендігі де еске алынбаған. Әуезовтің кеңесімен гимн жөніндегі байқауға қатысып, жеңімпаз атанғанда оның жасы небәрі 27- де ғана болатын. Әуезов демекші, ол ұлы ұстазының кеңесімен жасынан Абайдың ақындық мектебін зерттеумен айналысқан. Бірақ, өкінішке қарай, кандидаттық еңбегі тәркіленіп, жоғарыда айтқандай, сотталып кете барған. Алайда, қайсар Қайым боркеміктеніп, жасымаған. Соның айғағындай, соңында Абайдың ақындық мектебі туралы том-том кітаптары қалды. Ал егемен ел атанып, тәуелсіздікке қол жеткен шақта кешегі Алаш көсемдері туралы өндіріп жазған да осы Қайым еді. Соның басым бөлігі Семейдегі республикалық Абай қоры мен Алматыдағы “Атамұра” баспасының қамқорлығымен “Абайдың ақын шәкірттері” және “Абай мұрагерлері” деген атпен жарыққа шыққаны да көзі қарақты оқырманға белгілі.



Әр уақытта бала Қайым өзінің әкесінің қасында Мұхтар Әуезов, Көкбай Жанатаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов секілді ірі тұлғалы қазақ арыстарын көріп өсіпті. Қазақ зиялыларының аузынан естіген ұлағатты тағылымдары Қайымның қазақ халқына және оның сөз өнеріне деген балалық махаббатын оятып, ұлттық рухани нәрдің болашақ ғалымның жан дүниесіне терең сіңіп, мықтап орнығуына негіз болған алғашқы академиялық дәрістер еді. Осының барлығы кейіннен Қайым Мұхамедхановтың үлкен синкретикалық дарынының кеңінен құлаш жаюына септігін тигізгені аян.

Бұл турасында ғалым былай деп жазды: «Әкем Уақ руынан, көзі ашық, көңілі ояу, мұсылманша да орысша да сауатты, қолы ашық, кең пейілді момын адам болыпты. Ертеде ұлы Абай төңірегімен аралас-құралас болған. Төңкеріс кезінде Семейден шыға бастаған Алаш үні «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналына меценат ретінде көмек көрсетуі сол ұлы ақын көрсеткен өнегетәрбие емес деп кім айтады. Өзіне жетерлік кітапханасы да болды. Алаш арыстары А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Жұмабаев, М.Тынышбаев, М.Әуезовтермен де қоян-қолтық араласатын».



Алаш арыстарына төнген қатерлі нәубет Қайымды да айналып өтпеді.

1937 жылғы ел басына төнген қатерлі нәубет, М.Сейітқұлұлының отбасында айналып өтпейді. Мұхамедхан 1937 жылы 24 қарашада НКВД органдарымен тұтқынға алынып, 27 қарашадағы УНКВД үштіктің қаулысымен өлім жазасына кесіліп, 2 күні атылған.

1928 жылы Мұхамедхан отбасы кәмпескеге ілініп, талан-таржыға түсті. Бай, кулак қатарына жатқызылып, үйін тәркіледі. Отбасымен аш, панасыз күйге түсті. Кейінен әке үйі № 20 мектепке айналдырып, тағдырдың ащы әжуасындай Қайым сол мектептен оқыды. Қат-қабат келген ауыртпалықты бұғанасы бекімеген бала көтеріп, төзе білді. Ел санасын есеңгірткен азапты жылдар оқуға құштарлығына бұғау болып, ерте жасынан еңбекке араласты. 1932-35 жылдары Семей оқу мекемелерінде техникалық жұмысшы болып істейді. 1936-37 жылдары пән мұғалімдерін даярлайтын курсты оқып жүріп, мұғалімдер курсына қаражат табу үшін сабақ береді. Семейдің мұрағатында бұл жайлы хаттамалар сақталған. Бұл жөнінде ғалым: «Әкейді ұстап әкеткен соң мені мектептен шығарды. Ешбір мектеп қабылдамады. Содан күнкөріс қамымен қара жұмысқа түстім. Кейіндеу мұғалімдер институтына түстім», -деп еске алады.

Қайым әкесі туралы деректі 1990 жылдарға дейін ала алмайды. Бұл ақиқатты куәландыратын Семей қалалық прокуратурасының берген анықтамасы айғақ

болады. Анықтама 1992 жылы 3 ақпанда берілген. Онда 1937 жылы 24 қарашада ұсталып, 1937 жылы 2 ақпанда атылғаны айтылып, жерленген жері белгісіз делінген. 1989 жылы 25 сәуірде Мұхамедхан Сейітқұлұлына жабылған жала алынып тасталды. Қайымның әкесінің көмусіз, атаусыз қалуы оған қатты батса да, ол бар жан-тәнімен әке үмітін ақтауға тырысты.

Ғалым тұтқынға алынды



1951 жылы 7 сәуірде Қайым Мұхамедханов "Абайдың әдеби мектебі" диссертациясын қорғады. Бұл ел тарихындағы елеулі оқиғаның бірі болды. Диссертация қорғалса да, ұстаз бен шәкірт – Әуезов пен Мұхамедхановты айыптау тоқтамады.

Диссертацияны қорғау кезінде басталған айыптаулар баспасөзде тапсырыс бойынша жазылған мақалалармен жалғасты. Ақырында Мұхамедхановты Абай мұражайы директоры және оқытушы қызметінен босатты. Сол жылы 1 желтоқсанда ғалым тұтқынға алынды.

Қайымды алдымен Семей және Алматыдағы НКВД түрмесінде ұстады, одан кейін Қарағанды лагеріне қамады. Шектен шыққан азаптаулар, ыстық және суық камера, тырнақ астына ине тығу, басқа су тамызу, моральдық қысым және өлім жазасымен қорқыту Қайымның ерік-жігерін сындыра алмады. Ғалым өз идеяларынан бас тартпады, Абай мектебін сақтауға бел бұды.

Ұларбек Нұрғалымұлы: Түрмеде жатқанда айтатын сөзі бар ғой, бала-шағаң бар жассың ғой деп қасындағылар, сол кезде айтады "қазақты Абайдан айыру қаншалықты қиын екенін мен де, сіз де білмейсіз. Бірақ мен сеземін ол өте ауыр болады. Ондай үлкен, ұлы істің жолында бір адамның итжеккенге айдалып немесе атылып кетуі түк те емес" дейді.

Ол 4 жылдан кейін абақтыдан ақталып шықты.

Мұрат Есжан: Қайым Мұхамедхановтың сөзі бар, мен бұл нәрсені тіпті Әуезов үшін емес, Абай үшін жасадым. Ал Абай құрыса, ұлт құриды дейді. Сондықтан осындай ұлт үшін, ұстаз үшін деп айту оңай, бірақ соны нақты іспен дәлелдеп көрсеткен - Қайым Мұхамедханов.

"Оның өмірі мен ісі – туған елі мен жеріне деген қызметінің өшпес үлгісі. Мен оны Алаштың соңғы тұяғы, «Алаш» зиялыларының мұрагері, Абай мектебінің соңғы өкілінің бірі ретінде қабылдадым". Несіпбек АЙТОВ

Қайым Мұхамедхановтың еңбектері

Қайым ақын 1936 жылдан бастап жариялана бастады. Ол 100 ден аса өлеңдер мен поэмалар жазды,

Карлагта "Туған ел – алтын бесік", "Балаларыма", "Жұбайым Фархинурға", "Отырдық тар қапаста күнді санап", "Шерубай станциясы" және тағы басқа өлеңдерін жазды.

1954 жылдың қаңтар айында Мұхамедханов Карлагта жатып, 15 күннің ішінде Н.Карамзиннің "Сормандай Лиза" повесін қазақ тіліне аударды. Ал қазақ әдебиетінде орыс прозасын қазақ поэтикалық тілімен аударудың үш қана мысалы бар. Олар – М.Лермонтовтың Абай аударған "Вадим", А.С.Пушкиннің Шәкәрім аударған "Дубровский" және Н.Карамзиннің Мұхамедханов аударған "Сормандай Лиза" шығармалары.

Драматург Қайым пьесалар да жазды. Соның ішінде "Майданнан майданға", "Комиссар Ғаббасов", "Перне" мен "Ер Білісай" шығармалары бар. КСРО халық әртісі У.Гаджибековтың "Аршын-мал-алан" музыкалық комедиялық қойылымын алғаш рет қазақ тіліне аударды. Бұдан бөлек, Пушкиннің "Русалка" поэмасы, француз драматургы Пьер Огюстеннің Бомаршенің "Женитьба Фигаро" шығармасы бойынша пьесасын, Боккаччоның "Декамеронын", поляк драматургы Ежи Юрандоттың "Такое время" шығармаларын, сондай-ақ, сондай-ақ Ғ.Тоқай, Т.Шевченко және тағы басқа ақындардың өлеңдерін қазақша сөйлетті. 1000-нан астам ғылыми еңбек жазды.



ҚОРЫТЫНДЫ Қорыта келе Қайымның өмірдің қандай да бір қиын кезеңдерінде айтқан ойлары мен әрекеті біздер үшін моральдық ұстанымға

және жалпы адамзаттық құндылықтар өлшеуішіне айналғанын айтқым келеді. Мысалы «Өзекті жанға бір өлім. Мен сол кезде: өлсем, алаш азаматтарынан жаным артық емес ... деп ойладым .дейді.. » (1951 ж. НКВД азабы туралы естелік) «Жалған сөйлегенше, өлген артық. Жалған сөзден кейін, қалай өмір сүруге болады? ...» (Қ.Мұхамедханов М.Әуезовты сатпады, яғни – отанын сатпады, Абай мектебін және адамгершілік қасиетін сақтап қалды). «... бір ауыз өтірік айтудан, алдаудан аулақ болыңдар. Тәртіпті, тәрбиелі, байыпты адам болыңдар (балаларына өсиет) «Абайды танып білген, сондай-ақ, Абай өнегесімен сусындаған адамға, өмірдің тауқыметін жеңіп шығу жеңілірек болмақ. Оған басқадай моральдық кодекстің қажеті шамалы. Десек те, мұндай адамдар көбірек болса ... » «Біреу өтірікті ойдан шығарып, құрайды. Кейбіреу оған сенуге әзір. Біреу жалған атақ іздейді. Егер біз дұрыс ойлай алмасақ, халық атына лайық боламыз ба? (тарихты фальсификациялау, жалған ойдан шығарылған батырлар туралы) **«Бақыт дегеніміз – еркіндік, адал сөйлеу және ештеңеден қорықпай өмір сүру. Тек осылайша өмір сүру керек! Мұның адам өміріндегі маңызы зор» (бұл Қайымның өмірлік ұстанымы)**

Қазақтың қайсар ұлдарының бірегейі Қайым Мұхамедханов өмірі мен ғылыми қызметі бүгінгі жастарға үлгі, өнеге. Қайым Мұхамедханов еңбегін насихаттау Қайым үшін емес, болашақ жастар үшін керек. Саналы ғұмырында атақ үшін емес, ұлы Абай үшін қатал заманның қағидаларына мойынсұнбай азаматтығын сақтай білген, өткен ғасырдың ары, бүгіннің заңына айналған адам Қайым Мұхамедханұлы.

Майталман педагог-тәлімгер Қайым 50 жыл Семей пединститутында дәріс берді, жалпы педагогикалық еңбек өтілі, 1930 жылдары курстарда дәріс оқығанын қосқанда, барлығы 60 жыл. Ол жастардың бірнеше буынан тәрбиелеп шығарды. Педагогтар және ғалым-әдебиеттанушылар, философтар мен мемлекет қайраткерлері, білім және мәдениет мекемелерінің басшылары, ақындар мен газет-журнал құрылтайшылары – бәрі шәкірттері. Қайымның ізбасарлары – ғылым жолында жүрген математика, физика мамандары, олар кейін Қайымның әсерімен ақындық жолды қуған шәкірттері. Қазіргі жастар ғалым-азамат жерлестері Мұхамедхановтың өмірі мен шығармашылығынан шабыт алып, ол туралы зерттеулер жазады, ғалымның туған отаны Семей қаласындағы ескерткіші жанында ән айтып, өлеңдерін оқиды. Біздің мектебімізде Қ.Мұхамедханов атында және мектебімізде ғалым атамызға арналған Қайым мұражайы бар.